



Экономиканың озыңқы индикаторы

2022 жылдың 8 айы

Мерзімді зерттеу
2022 қыркүйегі

Қазақстан экономикасының жай-күйін анықтау үшін озыңқы көрсеткіш есептеледі. Ол ЖІӨ-нің прокси индикаторы – **қысқа мерзімді экономикалық индиктор (ҚЭИ) рөлін атқарады.** ҚЭИ ЖІӨ-нің 60%-дан астамын құрайтын 6 саланың нақты өсу қарқыны бойынша есептеледі. Олар: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс

Соңғы деректер бойынша ҚЭИ бәсеңдеп жатыр: 1 тоқсанның қорытындысы бойынша +6.5%-дан 8 ай ішінде +3.7%-ға дейін бәсеңдеді

ЭИ-дің өткен жылдың сәйкес кезеңіне қатысты пайыздық өзгерісі	2019	2020	2021	2022
Қаңтар	2,9	4,4	-5,8	▼ 3,0
Қаңтар-ақпан	3,6	4,9	4,0	▲ 5,5
Қаңтар-наурыз	4,2	4,3	-1,8	▲ 6,5
Қаңтар-сәуір	4,1	1,2	1,2	▲ 6,0
Қаңтар-мамыр	3,7	0,5	2,0	▲ 5,9
Қаңтар-маусым	4,3	-1,0	2,9	▼ 4,5
Қаңтар-шілде	4,4	-2,7	3,7	▼ 4,0
Қаңтар-тамыз	4,8	-2,9	3,9	▼ 3,7
Қаңтар- қыркүйек	4,7	-2,5	4,1	
Қаңтар- қазан	4,7	-2,8	3,9	
Қаңтар- қараша	4,7	-2,6	4,1	
Қаңтар- желтоқсан	5,0	-2,4	4,5	

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері

Экономиканың басты секторлары өткен жылмен салыстырғанда өсуде. Бірақ өнеркәсіп пен сауда салаларында өткен айлармен салыстырғанда өсу қарқыны бәсеңдеген.

Өнеркәсіптің негізгі секторы тау-кен өндіру саласы. Дәл осы сектор қазір өнеркәсіптің өсу қарқынына кері әсер етіп жатыр. Бұл Қашағанда жоспардан тыс, ал Теңізде жоспарлы жөндеу жұмыстары себебінен мұнай өндірудің тоқтағанына байланысты болды. Сондай-ақ бұған ең ірі Каспий құбыр желісі консорциумының (КҚК) жұмысындағы

үнемі болып жатқан іркілістер де әсер етті. Өйткені бұл құбырмен сыртқа қазақ мұнайының басым бөлігі айдалады.


Алайда егер бұрын металл кенін өндіру мұнайгаз секторының мәселелерін жартылай болса да жауып жүрсе, қазір бұл салада да белгілі бір қиындықтар туындап жатыр.

Айталық, соңғы деректер бойынша кен өндіру бәсеңдеуде. Біздің пікірімізше бұл Қазақстаннан Ресейге қара металл, темір кендері және концентраттарды жеткізу көлемінің айтарлықтай азаюына байланысты болып отыр. Темір кендерін өндіру 15.5%-ға түсті.

Ішкі сауда өсімінің 6.2%-дан 5.2%-ға дейін түсуіне азық-түлік бағаларының өсуі (тамызда +20.8% ж/ж) және инфляциялық болжамдардың нашарлауы себеп болды.


Мұның барлығы адамдардың **азық-түлікке едәуір көп ақша жұмсауына әкеп соғады. Сәйкесінше тұтыну қысқара береді.** Өз кезегінде бөлшек сауда секторында **азық-түлік тауарларының сатылу көлемі азаяды.** Осы ретте ақшалай түрде ол өседі. Сонымен қатар көтерме саудада азық-түлік тауарларының сатылымы өсіп жатыр. Бұл сауда нарығының көтерме саудаға бет бұра бастағанын көрсетеді.

ҚЭИ және тауар өндірісі секторына кіретін салалардың өзгеруінің шоғырланымдық серпіні



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері

ҚЭИ және көрсетілетін қызметтер өндірісі секторына кіретін салалардың өзгеруінің шоғырланымдық серпіні



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері

Өңірлік даму

Ең жоғары өсім Шымкентте (+8.8%), Астанада (+8.7%), Ақмола (+8.3%) және Шығыс Қазақстан облыстарында байқалды (+6.4%).

Шымкентте даму, өсу бойынша көш бастап келе жатқан сала – құрылыс. Астанада – көлік және байланыс саласы. Ал Шығыс Қазақстанда озық өсім - көтерме және бөлшек саудада байқалады.

Павлодар, Қызылорда және Жетісу облыстарында экономика біртіндеп төмендеу үстінде.


Бұл жерде Павлодар облысында экономикалық құлдырау өнеркәсіптік өндірістің төмендеуі (металл кендерін өндірудің құлдырауы) салдарынан орын алса, Қызылорда облысында мұнай өндіру төмендеуде.

Жетісу облысында экономиканың төмендеуі құрылыс жұмыстары мен өңдеуші өнеркәсіптің қысқаруына байланысты болып отыр.

Маңғыстау облысында ең жоғары өсім - ішкі сауда мен ауыл шаруашылығында, Жамбыл олысында – өнеркәсіпте, Алматы облысында – құрылыста, Астанада – көлік және қоймалауда байқалады.

Өңірлер бойынша 2022 жылдың 8 айы ішіндегі ҚЭИ өсімі

Қазақстан бойынша **+3.7%** (+3.9%)*



Алматы **+5.6%** (+8.7%)
Астана **+8.8%** (+9.5%)
Шымкент **+8.7%** (+6.5%)

*жақшада 2021 жылдың қаңтар-тамызындағы деректер көрсетілген

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

ҚЭИ және экономиканың басты салалары облыстар тұрғысында

2022 жылдың 8 айы

Абай облысы

КЭИ: 4.3%

- Ауыл шаруашылығы: 8.5%
- Өнеркәсіп: 8.6%
- Құрылыс: **-17.6%**
- Ішкі сауда: **-12.6%**
- Көлік және қоймалау: 1.9%
- Байланыс: 6.0%

Ақмола облысы

КЭИ: 8.3%

- Ауыл шаруашылығы : 8.2%
- Өнеркәсіп: 8.9%
- Құрылыс: 13.6%
- Ішкі сауда: 2.4%
- Көлік және қоймалау: 8.4%
- Байланыс: 0.0%

Ақтөбе облысы

КЭИ: 0.8%

- Ауыл шаруашылығы : 1.5%
- Өнеркәсіп: 2.4%
- Құрылыс: 1.7%
- Ішкі сауда: **-11.1%**
- Көлік және қоймалау: 6.9%
- Байланыс: 3.9%

Алматы облысы

КЭИ: 5.3%

- Ауыл шаруашылығы : 1.8%
- Өнеркәсіп: 6.1%
- Құрылыс: 29.1%
- Ішкі сауда: **-4.4%**
- Көлік және қоймалау: 0.1%
- Байланыс: **-2.4%**

Атырау облысы

КЭИ: 4.1%

- Ауыл шаруашылығы : 1.5%
- Өнеркәсіп: 0.7%
- Құрылыс: 12.0%
- Ішкі сауда: 22.2%
- Көлік және қоймалау: 4.3%
- Байланыс: 3.6%

Батыс Қазақстан облысы

КЭИ: 3.6%

- Ауыл шаруашылығы : 3.7%
- Өнеркәсіп: 4.2%
- Құрылыс: 4.8%
- Ішкі сауда: **-0.7%**
- Көлік және қоймалау: **-0.7%**
- Байланыс: 2.4%

Жамбыл облысы

КЭИ: 6.3%

- Ауыл шаруашылығы : 1.7%
- Өнеркәсіп: 11.4%
- Құрылыс: 12.8%
- Ішкі сауда: 5.7%
- Көлік және қоймалау: 0.1%
- Байланыс: 1.7%

Жетісу облысы

КЭИ: **-0.2%**

- Ауыл шаруашылығы : 1.4%
- Өнеркәсіп: -5.0%
- Құрылыс: **-6.9%**
- Ішкі сауда: 21.4%
- Көлік және қоймалау: 0.4%
- Байланыс: 4.5%

Қарағанды облысы

КЭИ: 1.2%

- Ауыл шаруашылығы : 0.4%
- Өнеркәсіп: 1.0%
- Құрылыс: 1.9%
- Ішкі сауда: 3.3%
- Көлік және қоймалау: 1.9%
- Байланыс: **-2.8%**

Қостанай облысы

КЭИ: 0.2%

- Ауыл шаруашылығы : 9.9%
- Өнеркәсіп: **-2.5%**
- Құрылыс: 12.6%
- Ішкі сауда: 5.0%
- Көлік және қоймалау: 0%
- Байланыс: **-6.3%**

Қызылорда облысы

КЭИ: **-1.0%**

- Ауыл шаруашылығы : 1.9%
- Өнеркәсіп: -2.6%
- Құрылыс: **-1.1%**
- Ішкі сауда: 2.2%
- Көлік және қоймалау: 0.5%
- Байланыс: **-0.4%**

Маңғыстау облысы

КЭИ: 1.9%

- Ауыл шаруашылығы : 12.8%
- Өнеркәсіп: 1.5%
- Құрылыс: **-18.1%**
- Ішкі сауда: 24.9%
- Көлік және қоймалау: 9.5%
- Байланыс: 10.0%

Павлодар облысы

КЭИ: **-1.9%**

- Ауыл шаруашылығы : 2.7%
- Өнеркәсіп: **-3.1%**
- Құрылыс: 4.3%
- Ішкі сауда: 1.3%
- Көлік және қоймалау: -0.1%
- Байланыс: **-0.6%**

Солтүстік Қазақстан облысы

КЭИ: 4.0%

- Ауыл шаруашылығы : 9.7%
- Өнеркәсіп: 1.6%
- Құрылыс: 3.2%
- Ішкі сауда: 1.0%
- Көлік және қоймалау: 0.8%
- Байланыс: **-4.6%**

Түркістан облысы

КЭИ: 0.8%

- Ауыл шаруашылығы : 3.9%
- Өнеркәсіп: **-0.4%**
- Құрылыс: 9.3%
- Ішкі сауда: 8.8%
- Көлік және қоймалау: 10.6%
- Байланыс: 8.7%

Ұлытау облысы

КЭИ: 5.8%

- Ауыл шаруашылығы : **-0.1%**
- Өнеркәсіп: 6.2%
- Құрылыс: 25.0%
- Ішкі сауда: **-21.4%**
- Көлік және қоймалау: 2.6%
- Байланыс: **-2.7%**

Шығыс Қазақстан облысы

КЭИ: 6.4%

- Ауыл шаруашылығы : 3.1%
- Өнеркәсіп: 6.9%
- Құрылыс: 4.7%
- Ішкі сауда: 10.4%
- Көлік және қоймалау: **-1.5%**
- Байланыс: **-4.2%**

Астана

КЭИ: 8.8%

- Ауыл шаруашылығы : **-0.5%**
- Өнеркәсіп: 2.0%
- Құрылыс: 6.3%
- Ішкі сауда: 8.9%
- Көлік және қоймалау: 21.5%
- Байланыс: 15.1%

Алматы

КЭИ: 5.6%

- Ауыл шаруашылығы : **-3.0%**
- Өнеркәсіп: 8.5%
- Құрылыс: 14.9%
- Ішкі сауда: 2.6%
- Көлік және қоймалау: 9.3%
- Байланыс: 7.0%

Шымкент

КЭИ: 8.7%

- Ауыл шаруашылығы : **-11.7%**
- Өнеркәсіп: 7.1%
- Құрылыс: 18.5%
- Ішкі сауда: 11.4%
- Көлік және қоймалау: 7.2%
- Байланыс: 4.5%

Тәуекелдер мен келешектер

Экономиканың одан әрі дамуы көп жағдайда өнеркәсіп пен саудаға тәуелді.

Энергетика министрі Болат Ақшолоқовтың айтуынша «Қашағанда жұмыс қазан айында қалпына келеді». Демек, тау-кен өндіру саласындағы келеңсіздіктер жалғасуда және өнеркәсіптік өнімдер өндірісінде құлдырау байқалады.

Дегенмен қазір металға қатысты жағдай әлі айқын емес. Өйткені жаңа сату нарықтарын табуға біршама уақыт керек. Ал геосаяси шиеленіс, ғаламдық монетарлық талаптардың қатаңдатылуы және Қытайдың коронавирусқа қарсы қабылдап жатқан жаңа шаралары (Қытай - түсті және қара металды негізгі сатып алушылардың бірі) сұранысқа әсер етіп, өндіріске қажетті материалдардың бағасы мен оларды жеткізу тізбегіне кері ықпал етуі мүмкін.


Мұның барлығы оның ішінде өңдеуші өнеркәсіп үшін де алаңдаушылық және қауіп төндіреді.

Шикізаттық табыстар түрінде экономикаға тиісті қаражаттар түсіп тұрмаса, өңдеуші сектор да белгілі бір дәрежеде суынатын болады. Айта кетелік, мұнда ғаламдық инфляция себебінен өзіндік құн қымбаттап барады.

Ішкі саудада жағдай бағаға тікелей тәуелді. Біздің болжам бойынша жыл соңына дейін жылдық инфляция 17-17.5% көлемінде тұрақтайды. Ел ішіндегі біртіндеп күшейіп жатқан инфляциялық қысым тұрғындардың сұранысына және саудаға кері әсер етіп жатыр.

Осылайша, біз жыл соңына дейін экономиканың өсімі 3-3.5% деңгейінде болады деп күтеміз.

ҚЭИ және ЖІӨ өзгеруінің шоғырланымдық серпіні



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері

Автор: Клара Сейдахметова (K.Seidakhmetova@jusan.kz)

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл таза ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір есеп-қисап беру емес, сондай-ақ іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіптік консультациялар және көрсетілетін қызметтер ұсыну бойынша ұсынысқа немесе қандай да бір ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты болмаймыз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзету үшін өзіне міндеттеме алмайды. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.